



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2023 жылдың наурыз айындағы ҚР өңірлеріндегі инфляциялық үрдістер туралы

2023 жыл, 18 сәуір

Қазақстан Ұлттық Банкі ҚР өңірлеріндегі инфляциялық үрдістер бойынша деректерді жариялады.

2023 жылдың наурыз айында елде **жылдық инфляция 18,1%**-ды құрап (ақпанда – 21,3%), барлық өңірде баяулады.

Жылдық инфляцияның ең жоғары мәні Маңғыстау облысында, Астана қаласында және Солтүстік Қазақстан облысында тіркелді.

Наурызда **азық-түлік** тауарларының бағасы ж/ж 20,5%-ға дейін (ақпанда – 26,2%) баяулады. Осы топқа жататын тауарлардың бағасы Маңғыстау облысында (26,8%) барынша тез, ал Алматы қаласында (18,7%) мейілінше баяу өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны ж/ж 18,1%-ға дейін бәсеңдеді (ақпанда – 20,5%). Ең жоғары мән Астана қаласында (28,7%), ең төменгі мән Алматы облысында (13,6%) тіркелді.

Наурызда **ақылы көрсетілетін қызметтердің** бағасы ж/ж 14,4%-ға дейін баяулады (ақпанда – 15,0%). Бұл ретте баға жалпы республикалық деңгейден Ақмола, Маңғыстау және Ұлытау облыстарында (17,8%-дан) біршама тез, Астана қаласында (11,0%) айтарлықтай баяу өсті.

2023 жылғы наурызда елде **айлық инфляция 0,9%**-ға артты. Бұл тарихи орташа мәннен (2017-2021 жылдары наурызда 0,6%) жоғары.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1977>

<https://nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1977>

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz